


ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

январь-май 2024 г.

427
МЛРД ТГ



95,8%
ИФО

\$81,1 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 33,3%
ОТП 66,7%

\$966,7
МЛН




РЫНОК

\$321,9 МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-апрель 2024 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

2024 жылғы қаңтар-мамыр ішіндегі құрылыс материалдарының өндірісі

Қазақстан Республикасының құрылыс материалдары өндірісінің көлемі 2024 жылғы қаңтар-мамырда **427** млрд. теңгені құрады, бұл атаулы мәнде 2023 жылғы ұқсас кезеңнен **5,4%**-ға төмен (*451,5 млрд. теңге*).

Өнімнің нақты көлемінің индексі 2024 жылғы қаңтар-мамырда **95,8%** құрады. Заттай мәнде өсу келесі тауарлар бойынша байқалады:

- қожмақта, минералды мақта (+58,5%)
- бетоннан жасалған құрастырмалы құрылыс конструкциялары (+16,7%);
- отқа төзімді бұйымдар (+16%);
- гипсокартон (+6,5%).

Құрылыс материалдары өнімдерінің экспорты 2024 жылғы қаңтар-сәуір айларында 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда **17,4%**-ға өсіп, **81,1** млн. АҚШ долларын құрады. Заттай мәнде экспорт көлемі 0,9%-ға ұлғайып, 400,1 мың тоннаны құрады, ал өткен жылдың осы кезеңінде ол 396,7 мың тонна деңгейінде болды. Экспорттың негізгі топ-елдері: Ресей, Қырғызстан және Өзбекстан.

2024 жылғы қаңтар-сәуір айларында отандық нарыққа құрылыс материалдарының импорты 321,9 млн. АҚШ долларын құрап, 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **8,6%**-ға төмендеді. Заттай мәнде тауарлар көлемі **781,4** мың тоннаны құрап, 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда **12,2%**-ға қысқарды. Негізгі топ-импорттаушы елдер: Ресей, Қытай және Өзбекстан.

2024 жылғы қаңтар-сәуір айларында Қазақстан Республикасының құрылыс материалдары нарығының көлемі **966,7** млн. АҚШ долларын құрады, бұл ретте **ОТӨ** үлесіне **66,7%**, импорттық өнімнің үлесіне **33,3%** келеді.

Ағымдағы жылғы қаңтар-сәуір айларында құндық мәнде өндірістің ең көп көлемі Астана қаласына (өндірістің жалпы көлемінде өңірдің үлесі 14,3%), Қарағанды облысына (9,2%) және Алматы облысына (9,2%) тиесілі болып отыр.